



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР маңызды тапсырмалар берді

Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет отырысында олимпиадалық стандарттарға бағдарланған тиімді дайындық бағдарламаларын құру бойынша қарқынды жұмыс қажет екенін атап өтті.

пацияларға – Қазақстан құрамасының Қытайда сәтті нәтиже көрсету үшін спортшыларымызға барлық жағдай жасау тапсырылды. Сыртқы істер министрлігіне ұлттық құрамаға дипломатиялық желі бойынша тиісті



«Мемлекет басшысы жоғары жетістіктер спортына қатысты нақты міндеттер қойды. Бұл ретте спорт түрлерін таңдау ғылыми тұрғыда негізделіп, елімізге тән ерекшеліктерге сүйене отырып жасалуы керек. Аталған мәселенің шешімі спорт федерацияларының қызметін, олардың халықаралық, республикалық және жергілікті деңгейлердегі жұмысын да реттеуге тиіс. Сондай-ақ Туризм және спорт министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту, спорт мектептері мен секцияларын құру және қолдау жөнінде шаралар қабылдауы қажет. Спорттық медицинаны дамыту жұмысын жандандыру керек. Біріміз қазақ спортының бәсекеге қабілетті болуы үшін күш-жігерімізді жұмылдыруға тиіспіз», деді Олжас Бектенов.

Туризм және спорт министрлігіне әкімдіктер, барлық мүдделі ұйым мен ком-

қолдау көрсету міндеті қойылды.

Мәдениет және ақпарат министрлігіне отандық спортшылар қатыстың Азия ойындарының үздіксіз әрі сапалы көрсетілімін қамтамасыз ету тапсырылды.

Туризм және спорт министрлігіне әкімдіктермен, Ұлттық Олимпиада комитеттерімен, федерациялармен бірлесіп, 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындарына сапалы дайындық жұмыстарын барынша күшейту бойынша тапсырма берілді.

Үкімет отырысы соңында Премьер-министр әйгілі спортшылар-олимпиада жеңімпаздары Владимир Смирновтың, Людмила Прокашеваның, Елена Хрусталева-ның, Денис Теннің, Юлия Галышеваның қазақ спортындағы өткен еңбегі мен жетістіктерін атап өтті. Олжас Бектенов спортшыларға Харбинде өтетін қысқы IX Азия ойындарында сәтті өнер көрсетулеріне тілектестік білдірді.

«Абу Дабидің орнықты даму апталығы» халықаралық саммиті алаңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Нигерия Федеративті Республикасының Президенті Бола Ахмет Тинубумен кездесті.

Мемлекет басшысы еліміз Африка құрлығындағы халық тығыз қоныстанған және ірі экономикасы бар Нигериямен сан қырлы ынтымақтастықты нығайтуға баса мән беретінін жеткізді.

Өз кезегінде Бола Ахмет Тинубу екіжақты қарым-қатынасты жаңа әрі сапалы деңгейге көтеру үшін бірлесе күш жұмсауға дайын екенін растады.



Мемлекет басшысы Нигерия Президентімен кездесті

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Нигерия Президентін Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Тараптар сауда-экономика,

көлік-логистика, энергетика және ауыл шаруашылығы салаларындағы ықпалдастықты дамыту перспективасын талқылады.

Мемлекеттер басшылары

халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, көпжақты құрылымдар аясындағы байланысты жандандыру маңызды екенін атап өтті.

Сенімді дамуға бағытталған бетбұрыс

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен Инвестициялар тарту жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Инвестициялық штаб отырысында негізгі кәсіпорындарды жаңғыртуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және инновациялық өндірістерді дамытуға бағытталған инвестициялар туралы келісімдердің негізгі талаптары қаралып, мақұлданды.

Жиын барысында «Qarmet» АҚ-мен Инвестициялар туралы келісім мақұлданды. 2024 жылы компания өзінің инвестициялық міндеттемелерін орындау шеңберінде жоғары қайта бөлу кластерлерін құру үшін зауытты жаңғыртуға және инфрақұрылымды дамытуға 1,3 млрд доллар инвестициялады. Бұл ретте ұзақмерзімді стратегия шеңберінде кәсіпорын 2028 жылдың соңына дейін инвестициялық жобаларды іске асыруға 3,5 млрд доллар бағыттауды жоспарлап отыр. «Qarmet» АҚ зауытын жаңғырту өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды қадам болмақ.

Сонымен қатар Солтүстік Қазақстан облысында «Ultradecor Trading Kazakhstan» ЖШС бағдарланған жоңқа және ламинатталған

ағаш-жоңқа тақталарын шығаратын зауыт салу бойынша инвестициялар туралы келісім жасасу мақұлданды. Жобаны іске асыру өңдеу өнеркәсібін дамытудың мультипликативтік әсерін тудырады және экономикаға шамамен 82 млрд теңге инвестиция әкеледі.

Сондай-ақ Түркістан облысындағы Өгем өзенінде су электр стансалары каскады бар су құбырын салу жобасы мақұлданды. Жобаға салынған инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 190 млрд теңгені құрайды. Жобаның мақсаты – Түркістан облысының 1 млн-ға жуық тұрғынын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету. Жоба сонымен қатар өңірдегі электр энергиясының тапшылығын жабуға, санитарлық-гигиеналық жағдайларды және жергілікті халықтың жалпы өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Бастамалар заманауи технологияларды енгізуге, жоғары ақы төленетін жұмыс орындарын құруға және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған еліміздің өнеркәсіптік әлеуетінің сенімді дамуын көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев «KazBeef» ЖШС кәсіпорнын қызметімен танысты. Кәсіпорын «алаңнан сөреге дейін» толық өндірістік циклді жүзеге асырады: асылтұқымды мал өсіруден бастап етті өңдеуге дейінгі барлық кезеңді қамтиды.

А.Бердалиев жоғары өнімді ангустұқымды асылтұқымды мал өсіруге маманданған мал репродукторын аралап, жануарларды өсіру үдерісімен, азықтандыру рационымен және мал ұстау шарттарымен танысты.

Репродукторда 1 200 ірі қара мал бар. 15 мың басқа арналған толық цифрландырылған бордақылау алаңы жұмыс істейді, онда 11 мың ірі қара мал ұсталады. Вице-министр

Ет кәсіпорны жұмысымен танысты

компания басшылығымен ветеринарлық қауіпсіздік, дайын өнімнің өзіндік құнын төмендету және жануарлардың денсаулығын жақсарту мәселелерін талқылады.

2020 жылдан бастап «KazBeef» ЖШС-ға «Feedlot Health Management Service» (FHMS) компаниясы малды азықтандыру және олардың жағдайын бақылау мәселелері бойынша кеңес беріп келеді. Мал орта есеппен 250-300 күн бордақыланады. Америкалық диетологтер әзірлеген рацион үш кезеңнен тұрады: 6 айға дейін сүтпен қоректендіру, 10-12 айға дейін

жайылымда жаю, 550 кг салмаққа жеткенше теңгерімді астықпен бордақылау.

Вице-министр «KazBeef Processing» ет өңдеу кешеніне де барды. Бұл кәсіпорын 2018 жылдан бастап салқындатылған және мұздатылған өнімдер, қосымша өнімдер, тартылған ет және бургерге арналған котлеттер шығарады. Кешеннің өндірістік қуаты-тәулігіне 150 ірі қара мал. Өнімдер ішкі нарыққа жеткізіледі, сондай-ақ парсы шығанағы елдеріне және Орталық Азияға, оның ішінде

Біріккен Араб Әмірлігі мен Өзбекстанға экспортталады.

Компания жетекшілерімен өткен кеңесте Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамыту және экспорт нарықтарын кеңейту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында өндіріс көлемін ұлғайту жоспарлары талқыланды. Вице-министр өндірістің барлық кезеңінде, соның ішінде мал сою мен өңдеуде жоғары ветеринарлық қауіпсіздік стандарттарын сақтау қажеттігін атап өтті.

«Созақ үні» - ақпарат.



және қорытындысымен ауыл әкімі Бимендиев Ғалымның хабарламасы тыңдалып, атқарған жұмыстары назарға алынып төмендегідей ұсыныс айтылды. Раң елді мекеніндегі мектеп ұжымы және ардагерлермен бірлескен жиын өткізіп, ауызбіршілікпен ынтымақтас-тықты нығайту мақсатында насихат жұмыстарын кеңінен жүргізу ұсынылды.

Созақ аудандық орталық аурухана басшысының атқарған жұмыстары және аурухананың жылу жүйесі бой-

Кеңестің кезекті отырысы

2024 жылдың желтоқсан айында «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссия отырысы өтті. Күн тәртібінде 3 мәселе қаралды. Жиынды партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы жүргізіп отырды.

«Созақ аудандық аумақтық инспекциясы» ММ-нің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекет қаржысының тиімді пайдалану мақсатында жүргізіліп отырған жұмыстарына сараптама жүргізу және қорытындысымен басшысының хабарламасы тыңдалды. Ха-

барлама бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасай келе, бөлім басшысы Дауренбекова Римманың хабарламасы назарға алынып, төмендегідей ұсыныс айтылды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарына байланысты ұжым мүшелері арасында кеңінен насихатталып, баспасөз беттерінде жариялап отыру жөнінде ұсыныс айтылды.

Қарақұр ауылдық округі әкімдігінің атқарып жатқан жұмыстарымен танысу және мемлекет қаржысының тиімді пайдалану мақсатында жүргізіліп отырған жұмыстарға сараптама жүргізу

ынша аурухана басшысы Бердімұратов Нұрлан хабарламасы тыңдалды, хабарлама бойынша атқарылған жұмыстар назарға алынып төмендегідей ұсыныс берілді. Орталық аурухананың жылу жүйесін және кәріз жүйесін ауыстырып, жылуды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс берілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша комиссия мүшелері сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдап, ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Нұржамал МАЙУСОВА.
Кеңес мүшесі.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Балабақшаның жылдық жоспары негізінде «Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалардың тілін ойын арқылы дамыту» тақырыбында №3 педагогикалық кеңес отырысы өткізілді. Кеңес отырысы барысында балабақшаның

логопед-дефектолог маманы Қалмырзаева Айдана өз тәжірибесінен балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуде нейрорпсихологиялық жаттығулар, тәрбиеші Оспанова Айгүл сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуде бала тілін дамытуға арналған ойын жаттығулар көрсетіп, әріптестерімен бөлісті. Қазіргі таңда сөйлеу тілі бұзылыстары ерекше көңіл болуды талап ететін мәселенің бірі болғандықтан, балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуге арналған жаттығулардың жеңіл түрлерін педагогтерге көрсетуге кеңеске «Нұр-Лого» түзетуде орталығының негізін қалаушы, әлеуметтік кәсіпкер, педагог-психолог, педагог-логопед, педагог-дефектолог Мауленова Нұршат Әбілхайырқызы шақырылды. Білікті де білімді маман Нұршат Әбілхайырқызына алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта еңбегіне шығармашылық шабыт, биік мақсаттарға жету жолында табандылық пен сәттілік тілейміз!



БИЫЛ АЛҒАШ РЕТ «ДІЛМАР» ШЕШЕНДІК ӨНЕР БАЙҚАУЫ ӨТТІ



13 қаңтар күні биылғы жылдың алғашқы оқушылар байқауы «Ділмар» шешендік өнер сайысы 8-11 сынып оқушылары арасында өтті. Аталған байқаудың мақсаты: оқушыларға сөз өнерінің

ерекшелігі мен жүйелі сөз саптау шарттарын меңгерту, сауатты әрі жатық сөйлеу дағдысын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Қатысушылар ұтқыр ойла-ры мен көркем де жүйелі

пікір танытып, өзара бәсекеге түсті. Байқау тақырыбы жеребе таңдау арқылы анықталып, жұптасып сайысты.

Байқау қорытындысы бойынша 3-орынды Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп-интернат лицейінің 10-сынып оқушысы Құраш Қасиет, 2-орынды «Суындық» жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушысы Халбай Махбуба иеленсе, сөйлеу шеберлігімен дәне жүйелі сөз саптауымен көзге түсіп, 1-орын иеленген «Созақ» мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы Әбдіқадыр Ислам 16 қаңтар күні өтетін облыстық кезеңге жолдама алды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана

Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіндегі «Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана» жобасы өз жұмысын одан әрі жетілдіріп, аудан әкімі аппараты ғимаратынан ашылған жылжымалы кітап пунктінде «Ашық есік күні» шарасы ұйымдастырылуда.



Іс-шараға Созақ ауданы әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкілі Абдухат Бакиров арнайы қатысты. Кітап қорын жаңарту мен оны әрдайым қолжетімді ету мәселелеріне қатысты ұсыныстарын білдіріп, жобаның маңыздылығына тоқталды. Шараға қатысушылар әр түрлі жанрлар мен бағыттағы кітаптарды оқуға мүмкіндік алып, қайта жаңартылған жаңа әдебиеттермен танысты.

БҮГІНГІ ОҚУШЫ-ЕРТЕҢГІ МАМАН ИЕСІ

Жуырда «Б.Батырбекова атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» КММ-де «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында кәсіптік бағдар беру педагогы М.Ибрайымовтың ұйымдастыруымен «Бүгінгі оқушы-

дың қоғамға деген азаматтық позициясын қалыптастырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Кездесу барысында студенттер өздері оқуға түскен білім ордасын таныстырып, грантқа қалай түскендерін



ертеңгі маман иесі» тақырыбында мектеп бітіруші түлектер студенттермен кездесу кеші болып өтті. Кездесуге әр түрлі оқу орындарында оқитын студенттер келіп жоғары сынып оқушыларымен өз ойларымен бөлісті.

Шараның мақсаты мамандық таңдау кезеңінде тұрған оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу, оларды өз пікірін еркін айтуға, басқаның пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу, оқушылар-

бөлісті. Мамандық таңдау мәселесіне көбірек тоқталды және оқушылар тарапынан сұрақтар қойылды. Студенттер өздерінің ізбасарларының сұрақтарына барынша түсінікті, қызықты жауап берді.

Студенттер, ең маңыздысы, алдарында тұрған ҰБТ сынағын сүрінбей өтуге септігін тигізер кеңестер берді.

Сонымен қатар бағыт-бағдар берген ұстаздарына алғыстарын білдірді.



Отбасындағы әкенің орны мен беделі...

Нарықтық қоғам орныққалы бергі уақытта отбасындағы әкенің ролі мен беделі айтарлықтай төмендегені жасырын емес. Оған себеп, сол кезеңдердегі жаппай жұмыссыздық пен табысы төмен, әрі ішімдікке жақын әкелердің салдарынан отбасындағы күн көрістің төмендеп, көптеген ауыртпалықтың аналардың мойнына артылғаны ақиқат. Тауар мен сауданы жағалаған әйел-аналар осыдан келіп, ер азаматқа қарағанда отбасының негізгі асыраушысына айналып шыға келді. Әрине, кім табыс тауып отырса соның беделі артты айдан анық, отбасындағы балалар әкеден гөрі анасына жалтақтап, әке екінші орынға ысырыла бастады.

Қазіргі таңда, мектептегі баланың ұстазы-әйел, сынып жетекшісі-әйел, үйдегі тәрбиешісі мен қамқоршысы-онсыз да әйел-ана болғандықтан ер балаларымыз «әйел мінезді» болып бара жатыр деген сөзді психолог мамандардың аузынан жиі еститін болдық. Екінші жағынан, кейбір отбасындағы белең алып отырған зорлық-зомбылық, ер азаматтың әйеліне қол көтеруі, жұдырық ала жүгіруі сияқты тұрмыстық қылмыстардың көбеюі де әкенің бала алдындағы беделін одан сайын төмендетуде. Мұндай отбасынан шыққан, анасының таяқ жегенін көріп өскен жеткіншек өз қатарластары мен төменгі сынып оқушыларына өзі де әлімжеттік жасауға бейім тұрады анық. Халқымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген сөз тегін айтылмаса керек. Соңғы жылдары тәрбие жұмысында зорлық-зомбылыққа қарсы бағытталған іс-шаралардың көбейгені де көңіл қуантады. Парламентте де Қылмыстық Кодекске түзетулер енгізіліп, зорлық-зомбылыққа қарсы жазаны қатаңдатқанын баршаңыз жақсы білесіздер. Дегенмен, қоғамда әлімжеттік жасаумен тек ер балалар ғана емес, қыз балалардың да арасында да ұлғайып отырғаны қоғамды алаңдатууда. Отбасындағы киік-жің мен ұрыс-керіс, ата-ана арасындағы түсініспеушілік пен келіспеушілік көбінесе әлеуметтік аз қамтылған отбасында кездесетін сияқты. Өзара сыйластық пен ұрпақ алдындағы жауапкершілік деңгейін жеткілікті дәрежеде сезінбеудің сал-

дарынан семьяда жанжал туады, оның соңы тұрмыстық қылмыс не болмаса ажырасып кетумен аяқталары белгілі. Зорлық-зомбылыққа қарсы жұмыстың негізгі бағыты бұқаралық ақпарат құралдарында, мектептердегі тәрбиелік жиындарда, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдардың бас қосу іс-шараларында үлгілі отбасындағы әкелер мен аналардың тәлім-тәрбиесін насихаттауға баса мән берген абзал. Ол жиындарға міндетті түрде «жайсыз отбасы» мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасының ата-аналарын да қатыстыруға тырысу керек. Сонда ғана отбасында ойран салып, жанұяның шырқын бұзар «тиран әкелер» өзгенің жақсы игі істерін көріп бәлкім, түзелуге тырысар. Қазіргі кезде тәрбиеге қатысты жиі айтылатын «Бір әкенің берген тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген сөзге мән беріп көрейікші. Ия рас, әке-бала үшін әрқашанда биік, қайталанбас бірегей тұлға. Халқымызда, «Әке-асқар тау, ана-баурайындағы бұлақ, бала-жағасындағы құрақ» деген сөз тегін айтылмаса керек. Шариятта да әкенің тәрбиесіне айрықша орын берген. Оған Мұхаммед пайғамбарымыздың (ғ.с.) мына бір хадисін айтсақ да жеткілікті: «Әкенің балаға қалдыратын жалғыз мұрасы бар-ол жақсы тәрбие ғана» деген екен. Әке әрқашанда бала тәрбиесіндегі ең басты жауапты тұлға екені ақиқат. Бірақ көбіне көп осы ақиқаттан алшақтап бара жатқан әкелердің қатарын азайтудың жолы қандай деген сауалдың туары даусыз. Өз басым ұзақ жылғы ұстаздық жолымда балаға уағыз айтып, ақылмен тәрбиелеймін деудің бос әурешілдік екенін пайымдадым. Бала тәрбиелегің келсе тәрбиені ең алдымен өзіңнен бастау керек. Өзің дұрыс жолда жүрмесең сені көрген бала дұрыс жолға түсіп, айтқаныңмен өседі деуге келмес. Балаң жақсы болып үмітінді ақтасын десең, отбасыңда балаңның алдында құр уәде бермеу, өтірік айтпау, жат әрекеттерден-насыбай, темекі, ішімдік сияқтылардан бойынды аулақ салу арқылы үлгі көрсете аласың.

Ұлы педагог А.С.Макаренко бұл турасында «Сіз балаларыңыздың тәрбиесін бастамас

бұрын, өзіңіздің жеке мінез-құлқыңызды тексеріңіз. Сіздің мінез-құлқыңыз шешуші роль атқарады. Ата-ана өздеріне талап қоюы, өз отбасын қадірлей білуі, өзінің әр қадамын қадағалап отыруы тәрбиенің ең басты құралы» деген екен. Сондықтан жақсы әке болу өз қолымызда екенін ұмытпайық. Қоғамның дамуы мен кемелденуі қоғамның негізгі тірегі болып табылатын үлгілі және толық отбасы екенін ұғынуымыз керек.

Соңғы жылдары отбасын құрғандар арасындағы әрбір үшінші жанұя ажырасып кетіп жатқандығын бұқаралық ақпарат құралдарынан кездестіргенім бар. Ажырасудың соңында әйел-жесір, бала-тірі жетім болып қана қоймайды, арада өнбейтін даулы «калiment» жыры туындайды. Әрі әкенің тәрбиесін көрмей өскен бала ертең қандай азамат болып өсері белгісіз. Әрине, баласын тура жолмен жақсы азамат етіп өсіріп отырған жалғыз басты аналардың бар екенін де жоққа шығара алмаймыз. Бірақ баланың бәрі бірдей емес. Әкесінің басынан бір сипап, маңдайынан мейірлене бір иіскегенін армандап өскен ұлдық немесе қыздың әкеге деген сағынышы жүрегінде мәңгі «мұз» болып қатары сөзсіз. Баласының осындай өкініш пен өкінішке қалатынын әрбір әке жадында сақтап түсінсе, тірі жетімдердің қатары көбеймес еді.

Қазіргі таңда көптеген мектептерде Әкелер Кеңесі қоғамдық ұйым ретінде мектеп әкімшілігімен бірлесіп жұмыс жасауда. Осындай ұйымдар айына бір рет болса да мектепке әкелерді мүмкіндігінше түгел жинап, келелі бас қосу өткізіп, үлгілі әкелердің, мейрілі отбасылардың жақсы тәлім-тәрбиелі тәжірибелерін ортаға салып, талқылап отырса көпшілікке үлгі болар еді деп ойлаймын. Мұндай игі іспен тек мектепте қана өтіп қоймай, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдар бірлесіп аудан көлемінде үлкен іс-шаралар жүргізілсе нұр үстіне нұр болар еді.

Талғат ШАЙМЕРДЕНОВ,
А.Байтұрсынов орта мектебіндегі әкелер-кеңесінің төрағасы.

Жұмыстың көзін тапқан, байлықтың өзін табады

Президентіміз 2025 жылды жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялау – елдегі еңбек адамының мәртебесін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бұл жыл еңбекқор жандардың еңбегін дәріптеп, олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін мойындау мақсатында белгіленді десек қате айтпаған болар едік. Еңбек – қоғамның негізгі тірегі. Инженер, дәрігер, мұғалім немесе ауыл шаруашылығының маманы болсын, олардың күнделікті қажырлы жұмысы елдің тұрақтылығы мен өркендеуінің кепілі. Жұмысшылар жылы аясында бұл адамдардың еңбегін бағалау мен жағдайын жақсарту ерекше назарда болады. 2025 жылы төмендегідей шаралар жүзеге асырылмақ: Еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған жаңа бағдарламалар енгізу. Жалақыны көтеру және әділ еңбекақы жүйесін қалыптастыру. Біліктілікті арттыру курстары мен қайта даярлау орталықтарын ашу. Жас мамандарды қолдау үшін еңбек нарығындағы жаңа мүмкіндіктер жасау осының барлығы жұмыс істеймін деген адамға зор мүмкіндік деп айта аламыз.

Қоғамдағы Еңбек Адамының ролі әрине оңай емес. Қазіргі заман талабына сай, жұмысшы тек орындаушы емес, ол жаңа идеялардың бастамашысы, қоғамның тірегі. Технологиялық өзгерістер дәуірінде мамандардың үздіксіз білім алуы мен біліктілігін арттыруы аса маңызды. Қоғамның әртүрлі саласында – өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесінде ерең еңбек ететін жұмысшылар елдің дамуының негізгі тірегі болып саналады. Жұмысшылар жылы олардың маңызын мойындап, еңбектерін дәріптеуді көздейтін жыл. Бұл бастама жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсартуға, әділ еңбекақы төлеуге, қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз етуге және еңбек құқықтарын қорғауға бағытына мүмкіндік береді. Технология мен цифрландырудың қарқынды дамуы жаңа кәсіби дағдылар мен білімді талап етеді. «Жұмысшылар жылы» аясында біліктілікті арттыру және қайта даярлау бағдарламаларына басымдық берілетіні анық.

Еңбек адамының ролін қоғамда дәріптеу – жастарды еңбекқорлыққа баулу, кәсіби мамандықтарға қызығушылықты арттыру және жұмысшы мамандықтарын заманауи, беделді кәсіптерге айналдыру мақсатында маңызды маңызды рөл атқарады. Жұмысшылар жылы ел экономикасының дамуына тікелей әсер ететін салаларды қолдауға бағытталған. Мақсат – жұмыс орындарын көбейту, шағын және орта бизнесті дамыту, индустриаландыруды жеделдету болып табылады. Жұмысшылар – экономика мен қоғамның тірегі. Зауыттағы жұмысшыдан бастап, мұғалім, дәрігер сияқты мамандардың еңбегі елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. «Жұмысшылар жылы» еңбек адамының маңыздылығын айқындау үшін жарияланды. Бұл жыл аясында мемлекет жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін бірқатар реформалар мен бастамаларды іске асыруды жоспарлауда.

Көптеген елдерде жұмысшылардың еңбек жағдайлары, жалақысы және әлеуметтік кепілдіктері әлі де өзекті мәселе болып отыр. Бұл жыл еңбек жағдайын жақсарту, әділ еңбекақы төлеу, зейнетақы мен әлеуметтік жеңілдіктерді арттыру үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін жыл.

2025 жыл «Жұмысшылар жылы» деп аталуы еңбек адамына құрмет көрсетудің, олардың құқықтары мен әлеуметтік жағдайын жақсартудың бірегей мүмкіндігі. Бұл тек жұмысшылардың ғана емес, бүкіл қоғамның тұрақты дамуына бағытталған маңызды қадам. Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан, байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет. Азаматтарға құрметті атақ берудегі түпкі мақсатымыз да – осы. Бұған дейін мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне осындай атақтар беріле бастады. Бұл – өте жақсы бастама, оның аясын кеңейту керек – деді Тоқаев. Президентіміздің өзі осындай бастамалар көтеріп 2025 жылды жұмысшылар жылы деуінің өзі, жұмысшылардың қандай дәрежеде еңбек етіп жатқанын айтпаса да түсінуге болатынын байқауымызға болады. 2025 жылы Жұмысшылар Жылы – бұл еңбек адамдарының даңқын асқақтатуға, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға және қоғамдағы беделін көтеруге арналған маңызды мүмкіндіктердің бірі. Әрбір еңбек адамы ел дамуының басты тірегі екенін ұмытпайық.

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Созақ аудандық орталық кітапхананың библиографы.

Естеріңізде болса, 2022 жылдың 16 наурызында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Халқына Жолдау жариялап: бұдан былайғы жерде Жаңа әрі Әділетті Қазақстан Қоғамын құрамыз. Ол үшін қажетті: Ықпалды Парламент, Еститін Үкімет және Белсенді Азаматтық Қоғам концепциясын әзірлеп, қазақ қоғамына ұсынды. Артынша- ақ, 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі жолдауында алдағы 5 жылдағы еліміздің даму жоспарын да жариялады. Әрине, бұл даму жоспарының өз-өзін қаншалықты ақтап, ел экономикасын қандай деңгейге көтеретінін де уақыттың еншісіне тастайық. Сөйтіп, 2022 жылдың қаңтары, сонан бергі үш жыл уақыт Созақ ауданының саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани салаларына нендей жаңалықтар алып келгеніне тоқталып өтейікші! Сонымен, 2022 жылдың ең басты жаңалығы 24 қаңтар күні жерлесіміз Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы ауданымызға әкім болып тағайындалып келді. Келе сала ау-



мен спорт саласында да үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Шолаққорған ауылынан заманауи үлгідегі 200 орындық «Спорттық-сауықтыру» кешенінің құрылысы аяқталуға жақын. Жалпы ауданы 3 га болатын спорт кешенінің оқу-жатығу базасы да барлық заманауи талаптарға сай. Кешенде түрлі облыстық, республикалық және халықаралық спорттық жарыстарды өткізуге қолайлы жағдай жасалған. Екі қабатты ғимаратта волейбол және баскетбол алаңдары, күрес және аралас жекпе-жек пен боксқа арналған зал, бассейн, футболмен айналысуға арналған ашық спорт алаңы бар. Спорт ғимараты облыста жоқ теңдессіз көшен болмақ. Созақ ауылында заман талабына сай жабдықталған 1030 орындық спорт алаңы ашылып, ел игілігіне ұсынылды. Мұнда жастар мен жасөспірімдердің футбол ойнап, спортпен шұғылдануға барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Жаттықтырушылар мен төрешілерге жеке кабинеттер,

СОЗАҚТАҒЫ СОҢҒЫ ҮШ

данымыздың орталығы Шолаққорғаннан бастап, барлық ауылдарды, елді мекендерді аралап, халықпен кездесті. Үкіметтік және ҰЕҰ дың барлығының өкілдерімен кездесіп, кеңесіп алды. Әр ауыл, елді мекендердің тыныс-тіршілігімен, мүшкілімен танысып, әуелі алдағы бір жылға жұмыс жоспарын жасап алды және 2023 жылдың қарашасына дейін сол жоспары бойынша жазбай жұмыс жасады. Егер, бүгінгі күні өңіріміз барлық салада қандай да бір жетістіктерге қол жеткізген болса, біліңіздер, бастауын сол, 2022-2023 жылдардан алған болатын. Бірсөзбен айтқанда, Мұхит Тұрысбековтың тағайындалуымен Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды бетбұрыстар мен жаңашыл өзгерістер орын алды. Бұл күннен бастап аудан басшысы туған жердің гүлденуі мен тұрғындардың өмір сапасын арттыру бағытында тың бастамалар көтеріп, табысты жобалар жүзеге асырылды. Мұхит Сексенбайұлының жетекшілігімен ауданның болашағы жарқын, дамуы қарқынды түрде іске асу жолына түсті.

Ал енді, 2023 жылдың 5 қарашасында елімізде алғаш рет ұйымдастырылған пилоттық әкімдер сайлауына біздің ауданымыз да ілігіп, Мұхит Тұрысбеков Созақ ауданының әкімі ретінде қайта сайланды. Бұл жағдай Мұхит Сексенбайұлына ерекше серпін беріп, алғашқы күннен бастап бұрынғыдан да белсене аймақтағы маңызды мәселелерді шешуге кірісті. Нәтижесі де ортада, үш күндей болып өте шыққан осы, 2022-2023-2024 жылдары көп іс тындырылды. Ендігі жерде әрбір салаға қысқаша тоқталып өтелік:

Білім саласында бірқатар жұмыстар жүзеге асты

Мұхит Тұрысбековтың басшылығымен Созақ ауданында білім беру саласы айтарлықтай жаңартылды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында аудан орталығында жаңа 900 орындық Ы. Алтынсарин атындағы мектептің құрылысы басталды. Бұл мектеп заманауи талаптарға сай жабдықталып, оқушыларға сапалы білім алуға толық мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, Құрманғазы атындағы 200 орындық мектептің жаңа ғимараты Ыбырай елді мекенінде пайдалануға берілді. «Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру үшін мектептерді автобустармен жарақтандыру жөніндегі «Жол картасы» аясында заман талаптарына сай жабдықталған 3 автобус ауданымызға жеткізілді. Заман талаптарына

сай жасақталған автобустармен Басбұлақ-Қозмолдақ, Қылти-Тасты және Қарабұлақ-Балдысу бағыты бойынша 105 бала тасымалдануда.

Құрылыс және инфрақұрылымда ілгерілеушілік байқалады

Бүгінде Созақ ауданын кесіп өтетін облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары қарқын алды. Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы тарапынан облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының 152 шақырымына асфальт салу жұмыстары жүргізілді. «КХ-2 Ұланбел-Созақ-Екпінді» бағытындағы автомобиль жолының Шолаққорғаннан Ыбырайға дейінгі 83 шақырымы, «КХ-57 Созақ-Қарағұр-Бақырлы» автомо-



биль жолының Созақтан Қарағұрға дейінгі 30 шақырымы және «КХ-56 Жамбыл облысының шекарасынан Құмкент-Шолаққорған-Ащысай» жолының Шолаққорғаннан Құмкентке дейінгі автомобиль жолының 39 шақырымы бойынша асфальт жабындысын төселді. Сондай-ақ аудан орталығынан шалғайда орналасқан, бірде-бір көшесіне асфальт бармаған шағын елді мекендер сапалы жолмен қамтылды. Мәселен, өткен жылы 34,1 шақырымды құрайтын 29 көшеге асфальт жабындысы төселді. Оның ішінде 22,4 шақырымды құрайтын 18 көше «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы аясында, ал 11,6 шақырымдық 11 көше жергілікті бюджет есебінен жаңартылған. Осылайша, Жартытөбе, Аққолтық, Көк-

төбе, Балдысу және Басбұлақ елді мекендерінің ішкі жолдары толықтай асфальтпен жабылып, тұрғындардың өмір сапасы артты. Бұл жұмыстар биыл да өз жалғасын тауып, аудан аумағындағы 34 көшеге асфальт төселіп, елді мекендердің ажары одан әрі арта түсті. Биылғы жылы Жуантөбе ауылы да 100 пайыз сапалы жолмен қамтамасыз етілді. Бұған қоса аудан аумағындағы ауылдық округтердің орталық көшелеріне көше жарықшамдарын орнату жұмыстары қарқынды жүрді. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлының тапсырмасымен көше жарықтандыру жұмыстары шағын елді мекендерде көптеп қамтылды. Мәселен бүгінге дейін жоғарыда аталған елді мекендер 100 пайыз көше жарықшамдарымен қамтылып, оның игілігін халық көруде.

Сонымен қатар, аудан аумағында заманауи көлік құралдары, жаңа техника сатып алынып, коммуналдық қызмет көрсету сапасы артты. Ауданға қажетті 27 жаңа техника жеткізіліп, коммуналдық қызмет көрсету саласында маңызды өзгерістер орын алды. Техникалар 12 кент пен ауылдық округтерге, сондай-ақ «Созақ сәулет» және «Шолаққорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарына табысталды. Биылғы жыл басынан бері 12 кент және ауылдық округтерге жоғарғы кеңістіктегі жұмыстарды оңтайландыратын электрлі көтергіш машиналары алынды. Бұған демеушілік арқылы алынған арнайы қоқыс тасымалдауға арналған жетек, көше сыпыру және қар тазалауға қажетті жабдықтармен толықтырылған 5 дана жаңа «Беларусь» маркалы тракторлары да қосылып, жаңа техникалардың жалпы саны 44-ке жетті.

Созақ спорты да жетістіктерге толы болды

Мұхит Тұрысбековтың бастамасы-

командалардың киім ауыстыруы мен жуынуына арналған арнайы бөлмелер қамтылған. Бұдан бөлек жаттығу залдары, «Street workout» және баскетбол алаңы бар. Бұл мәселе де халық тарапынан көтеріліп, аудан басшысы көпшіліктің талап тілегін орындады. Аудан жастарын жеке тұлға етіп қалыптастырып, бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін бірқатар жобалар іске асырылды. Атап айтсақ; Қаратау және Қарақұр ауылдарынан жергілікті бюджет есебінен жабық үлгідегі кіші футбол алаңы пайдалануға берілді. Алдағы уақытта дәл осындай ойын алаңын барлық ауылдық округтерден салу жоспарлануда.

Ауыл шаруашылығы саласында да жұмыс бар

Құмкент ауылдық округінде ұзақ жылдар бойы шешімін таппаған Жылыбұлақ каналының құрылысы аяқталуға жақын. Бұл канал 750 гектар суармалы жерді қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Жуантөбе, Қаратау және Қарақұр ауылдық округтерінде қоқыс және қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын палигондар салынып, бірқатар ауылдық округтерде мал өлекселерін тастайтын орындар мен Беккері шұңқырларының құрылыс жұмыстары жүргізілді. Бұл салаға қатысты нақты жұмыстар жайын мен өзім жылда ауданық «Созақ үні» газетінің беттерінде жазып, кеңінен насихаттап жүрмін. Сол себепті де менің мақалаларыма арқау болмаған тақырыптарды ғана қамтып отырмын.

Ауыз су және тұрғын үй саласындағы оң өзгерістер

Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Шолаққорған ауылының «Ақшам және Наурыз» шағын аудандыры мен Қарабұлақ, Балдысу, Басбұлақ, Саржаз және Сызған елді мекендерінің тұрғындары орталықтандырылған ауыз сумен қамтылды. Сондай-ақ ауданда әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға жататын азаматтарға арнап салынған жаңа баспаналардың құрылысы аяқталып, ел игілігіне ұсынылды. 48 отбасы баспаналы болып, жаңа пәтерлерінің кілттерін алды. Бұған қоса әр жылы бітіруші түлектер мен жекелеген азаматтардың қамқорлығы мен демеушіліктерінің арқасында бірнеше отбасыларға баспана кілттері табысталып, бұл бастама ауданда үрдіске айналды.

Кәсіпкерлікті дамыту және халықаралық ынтымақтастық

Бүгінде елімізде іске асып жатқан бағдарламалардың басым бөлігі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында халықтың әл-ауқатын арттыру басты мақсат екендігін атап өтті. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бастаған созақтық кәсіпкерлер Қытай Халық Республикасына арнайы іссапармен барды. Сапардың негізгі мақсаты - экономикалық даму бойынша халықаралық тәжірибе жинақтап, жаңа технологияларды игеру. Сондай-ақ, Түркістан қаласында өткен Қазақ-Қытай бизнес конференциясына да аудан әкімі бірқатар кәсіпкер азаматтарды бастап барды.



ЖЫЛДАҒЫ СОНЫ ІСТЕР

Мәдениет және қоғамдық іс-шаралар іске асты

Әр жылы бокстан Созақ ауданы әкімінің жүлдесі халықаралық турнир ұйымдастырылып, сайысқа көршілес елдермен қоса, еліміздің бірнеше өңірінен келген 300-ге тарта спортшы қатысып, кіл мықтының ішінен кім мықтыны анықтайды.

Түркістан облысының 5 жылдығы мен Созақ ауданының 95 жылдығына арналған «Күй құдіреті» атты облыстық жас күйшілер байқауы өтті. Шара барысында Созақ ауданының мәдениет саласындағы жетістіктері туралы бейне ролик көрсетіліп, кеш шымылдығы күй өнерінің қыры мен сырын ашар Театрландырылған «Қорқыт» көрінісімен түрілді. Бірінші кезеңде Созақ ауданынан шыққан күйшілердің шығармаларын орындап, екінші кезеңде еркін тақырыпта өздерінің қалаған күйлері бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Облысымыздың түкпір-түкпірінен келген жас күйшілеріміз күмбірлете күй орындап, жиналған қонақтар шараны көтеріңкі көңіл-күйде тамашалады. Биыл қазақтың ардақты ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл! Осыған орай Созақ ауданында Алаш қайраткерінің мерейтойына арналған торқалы жиын өтті. «Мыңжылқы» мәдениет сарайында «Ұлтын сүйген ұлы тұлға» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылып, «Қожановтану әлемі» кітабының және «Рух» атты көркем-публицистикалық журналдың тұсауы кесілді. Екі күнге жоспарланған іс-шара әрі қарай туған ауылы Ақсұмбеде жалғасты. Арнайы дайындалған концерттер, гүл шоғын қою рәсімі, ақындар айтысы секілді іс-шаралармен толықты. Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде Созақ ауданының 95 жылдығына орай Созақ ауданы әкімінің кубогы үшін «Созақ КАП» облыстық жайдарман ойыны өтті. Шараның басты мақсаты - жастар саясатын тиімді жүзеге асырып, жастардың бойында рухани адамгершілік, өнерге деген шығармашылық ізденістерін дамытып, дарынды жастарға қолдау көрсету. Тартысты өткен сайысқа 9 команда қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. 2022 жылы алғаш ұйымдастырылған «Ұлы дала жорығы» республикалық бәйге-марафонында Түркістан облысының намысын Созақ ауданының шабандоздары қорғады. 1200 шақырымды басып өткен жерлестеріміз үздіктер қатарынан табылып, жүлделі III ші орынға тұрақтады. Мара-

фон-бәйге қатысушылар Бетпақдала арқылы біздің ауданға 3 күн қонды. Ауданның азаматтары, бөлім мекеме басшылары ұйымдасып, қонақтардың алдына ас тартып, жоғары дәрежеде күтіп алды. Ауданымыздағы іргелі ауылдың бірі Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Аққолтық елді мекенінің 70 жылдық, Қарт Қаратау етегінде орналасқан Қаратау ауылының 60 жылдық, Шу бойына қоныс тепкен Шу ауылдық округінің 60 жылдық мерейтойлары тойланып, ән думанға оранды.

Әлеуметтік жаңалықтар мен жаңа құрылыс нысандары жайы

Созақ ауданының ауылдық округтерінде жаңа мәдениет үйлері мен әкімдік ғимараттары ашылып, аудан тұрғындарының өмір сапасы артты. Тасты ауылы мен Жартытөбе ауыл округіне қарасты Аққолтық елді мекенінде мәдениет үйі және Қарақұр, Жуантөбе, Қаратау ауылдарынан әкімдік ғимараттары ашылды. Бұл нысандар жергілікті халықтың мәдени және әлеуметтік дамуына үлкен үлес қосып отыр.

Таукент және Қыземшек кенттеріндегі жылу жүйесі

толықтай сұйық отынға ауысты

Жазғы кезеңде жылу трассасы мен жүйенің техникалық тексерісі жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жөндеу жұмыстары жүргізілді. Кенттер ішіндегі ішкі орамдық жылу құбырының қайта жаңғыртылуы, қазандықтың жарамсыз қосалқы бөлшектерінің алмастырылуы, сондай-ақ задвижкалар мен сорғылардың жаңартылуы сығымдау жұмыстары арқылы тексерістен өткізілді. Ғимараттар ішіндегі қабырғаларды әктеу, сырлау жұмыстарымен қатар, тозығы жеткен есік, терезелер ауысты. Еденіне де бетон жаймасы төселді.

Шолаққорған-Түркістан бағытындағы жолдың қос бетінен «Жасыл белдеу»

аумағы құрылды

Аймақтың көлемі жыл сайын артып, әр жылы 6000-нан астам тал көшеттері егілуде. Бүгінде тал көшеттері отырғызылған аумақ шарбақтармен қоршалған. Шолаққорған

ауылының орталық маңызы бар Жібек жолы және С.Қожанов көшелері бойындағы тұрғын үйлер мен кәсіптік нысандардың сыртқы көлбеттерін ретке келтіру мақсатында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан әкімдігінің дербес бөлімдерін арнайы секторларға бекітіп, әр жылда бір айлық тазалық шарасын ұйымдастыруда. Тұрғын үйлер мен кәсіпкерлік нысандардың қасбеттері қалыпқа келтіріліп, ауылдың ажары арта түсті.

Аудан әкімі Астана қаласына бірнеше рет арнайы іс-сапармен барды

Сапар барысында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ компаниясының басшыларымен кездесіп, мемлекет ұстанған саясатын бірлесіп жүзеге асыруға шақырды. Сондай-ақ, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін арттыру мен халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жұмыстарды бірлесе саралады. Халық сұранысына ұрай іске асатын бірқатар жобаларды ұсынды. Нәтижесінде, Катко» қазақ-француз бірлескен кәсіпорны демеушілігімен аудан орталығынан 5 кіші футбол алағы мен балалар ойын алаңшалары ашылды. Осы секілді жобалар Таукент кентінен, Сарыжаз елді мекендерінде іске асырылды. Бұған қоса Шу ауылынан баскетбол алаңшасы, Таукент және Қыземшек кенттерінен «Street workout» және балалар ойын алаңы, Таукент кентінде «Атомшылар алейасы» ашылып, ел игілігіне пайдалануға берілді. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ-ның демеушілігімен алынған 2 жедел жәрдем автокөлігі алынып, аудандық орталық ауруханаға табысталды. Бұл көліктердің ерекшелігі шал тағамай, құмды жерлер мен жолға ауылдарға еш қиындықсыз қатынай алады. Науқастарды тасымалдауға арналған көліктің ішінде жататын орын және алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Жедел жәрдем көліктері тұрғындарға алғашқы медициналық санитарлық көмек көрсетуді жақсартуға, денсаулық саласындағы қызмет көрсету сапасын арттыруға оң әсерін тигізетіні анық. Сондай-ақ Катко» қазақ-француз біріккен кәсіпорны» арқылы аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық аумақтық орталығы» КММ-де мүгедектері бар балаларға қызмет көрсетуге арналған әлеуметтік такси пай-

далануға берілді. Бұған қоса, аудандық орталық емханаға жасанды дем беретін аппарат пен облыстық денсаулық сақтау басқармасы тарапынан жылжымалы медициналық жиналғы орналастырылған 65117-1029 маркалы «Камаз» көлігі мен заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтылған «Hyundai i30» маркалы жедел жәрдем автокөлігінің үшеуі ауданымызға жеткізілді. Бұған қоса аудан басшысының бастамасымен Жуантөбе ауылы тұрғындарының талап-тілектері негізінде облыстық жедел жәрдем станциясы тарапынан ауылдан «103» жедел жәрдем бөлімшесі ашылып, «Hyundai i30» маркалы жедел жәрдем автокөлігінің біреуі Жуантөбе ауылына табыс етілді. Аудан орталығындағы С.Қожанов атындағы ескі музей ғимараты балалар шығармашылық үйіне арналып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жас таланттардың өнері мен шығармашылығына арналған барлық қажетті жағдайлар жасалған ғимарат жаңа сипатта халық игілігіне ұсынылды. Балалар шығармашылық үйінің жаңартылуы ауданымыздағы өнер мен мәдениетке деген қамқорлықтың тағы бір жарқын мысалына айналды. Жөндеу жұмыстары барысында ғимараттың ішкі және сыртқы дизайны заман талабына сай өзгертіліп, балаларға шығармашылықпен айналысу үшін қолайлы әрі жайлы орта жасалды. Заманауи техникалық жабдықтар мен құралдар балалардың түрлі өнер түрлерін дамытуға мүмкіндік беріп, жаңа болашаққа жол ашты. Қазыналы қарттарымыздың денсаулығын түзеп, өмір сүру сапасын арттыру мақсатында аудан орталығынан «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы ашылды. Онда күніне 30 мүмкіндігі шектеулі азамат пен ардагерлерге қызмет көрсетіледі. Ардагерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандардың жанына қажеттінің бәрі бар.

Мінеки, бұл Мұхит Сексенбайұлы ауданымыздың әкімі болып тағайындалып келген бір, сайланғаннан бергі екі, жиынтығы үш жылда аудан әкімдігі тарапынан атқарылған игілікті істер еді. Бірсөзбен айтқанда, осы жылда Созақ ауданы облысы бойынша үздік үштіктің көшін бастап тұрғанын мақтанышпен айтуға болады. Ендігі жерде, жаңа кіріп жатқан жылан жылынан жақсы, жағымды-жаңалықтар легін күтеміз!

Данияр БЕК,
«Созақ үні» газетінің
аға тілшісі.
(Жалғасы бар).

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес

тарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, ты-

Сыбайлас жемқорлық пен күрес

туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылық-

ныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып, ат салысып, қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі-ол азаматтардың арыз-шағым, өтініштері. Мемлекетіміздің кез-келген азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен жергілікті атқарушы органдар жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті деп санайды.

Б.ЖУПАРБАЙ,
Созақ аудандық соты
әкімшісінің аға сот приставы.

Қоғам дертімен күресейік!

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Ел Президентінің қай Жолдауын алсақ та осы мәеле күн тәртібінен түскен емес. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер

ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс жасап тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу керек.

Эльмира ЖАППАРОВА,
Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы
Салықтық әкімшілендіру және өндіріп алу бөлімінің бас маманы.

Қылмыстық істегі азаматтық талап қою

Азаматтық талап-қылмыстық процесте: азаматтың немесе заңды тұлғаның қылмыстық әрекет салдарынан келтірілген материалдық зиянды өтету үшін қылмыстық іс процесінде берген, қылмыстық іспен бірге қаралатын талап-шағым. Қылмыстық іске қатысты азаматтық талаптың мөлшері мен дәлелдеу негіздемелері қылмыстық іс жүргізу заңдары бойынша айқындалады. Егер азаматтық талап азаматтық іс жүргізу тәртібімен қаралмаған болса, онда ол қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап сот тереуі басталғанға дейін ұсынылуы керек. Азаматтық талап қылмыстық істі жүргізуші тергеушіге, анықтау және сот органдарына талап шағыммен жазу арқылы қойылады. Азаматтық талапкер деп тану немесе одан бас тарту туралы анықтау органы, тергеуші және судья-қаулы, ал сот-хйғарым шығарады. Сондай-ақ, қайтыс болған адамның асырауындағылар да азаматтық талап қоюға құқылы. Азаматтардың және қоғамдық мүдделері мен құқықтарының қорғалуы қажет болған жағдайда, жәбірленушінің азаматтық талабын прокурордың өзі ұсынады немесе қолдайды. Заңға сәйкес азаматтық талап бойынша жауапкершілікті анықтаушы емес, өзге адам (мысалы, көмекке толмаған айыпталушының заңды өкілі) көтеретін болса, онда ол кісі азаматтық жауапкер ретінде қатысады. Айыпталушы немесе оның істеген әрекеті үшін материалдық жауапкершілік арқалайтын өзге адамдардың мүліктерін бұғаттау арқылы азаматтық талапты қамтамасыз етіледі. Аза-

маттық талап берген кезде мемлекеттік алым төленбейді. Үкім шығару барысында сот азаматтық талап қанағаттандырылуға жата ма, жоқ па, кімнің пайдасына және қандай мөлшерде қанағаттандырылуға тиіс деген мәселені шешуге міндетті. Істеген қылмысына байланысты адамды айыпкер деп тани отырып, сот азаматтық талап негіздерінің дәлелденуіне және мөлшеріне орай оны толықтай немесе жартылай қанағаттандыруға; ал істелген қылмыстың салдарынан ешқандай материалдық зиян келтірілмегені анықталса, оны қанағаттандырудан бас тартуға жатқызады. Ерекше жағдайларда ғана, мысалы, азаматтық талаптың мөлшерін есептеу мүмкін болмаған кезде, сот істі қарауды кейінге қалдырмай-ақ, талапкердің талабын қанағаттандырумен шектеледі, ал оның мөлшері жөніндегі мәселенің шешімін табуы азаматтық іс жүргізу тәртібі бойынша сот қарауына жатқызады. Егер азаматтық талап берілмеген болса, бірақ сот істелген қылмыстық әрекет салдарынан материалдық зиян келтірілген деп тапса, онда өз еркімен немесе прокурордың ұсынысымен зиянды өтеуге қатысты мәселені шешуге құқылы. Сот ақтау үкімін шығару кезінде қылмыстық оқиға анықталмаса не сотталушының оған қатысқандығы дәлелденбесе, сотталушының іс-әрекетінде қылмыстың құрамы болмаса, азаматтық талап қанағаттандырылмайды немесе қараусыз қалдырылады. Мұндай жағдайда талапкер азаматтық іс жүргізу тәртібімен азаматтық талабын қайтадан беруге құқылы.

Сот төрелігінің маңызды бағыттарының бірі-бітімгершілік

Татуластыру шараларын қолдану нормалары азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, т.б. кодекстерге жан-жақты ендіріліп, жұртшылыққа дау-дамайды заң аясында бітімгершілік жолымен шешу жолдарын насихаттау құзырлы орган қызметкерлеріне де міндеттеледі. Бұл тұрғыдағы жұмыстар соңғы жылдары соттар тарапынан қарқынды түрде жүргізіліп жатыр.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік – процесстік кодексінің нормаларына түсіндірме жасар болсақ, дау-дамайды тараптар әкімшілік процестің барлық кезеңінде реттей алады. Бұл үшін олар дауды татуласу, медиация, партисипативтік рәсімдер тәртібінде шешу келісімін жасайды. Сондай – ақ, аталған кодекс пен жауапкердің әкімшілік қалауы негізінде татуласу мүмкіндігі де қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестің кодексіне де сот өндірісіне түскен азаматтық істер бойынша істі қарауға әзірлік жүргізу барысында тараптарға міндетті түрде араларындағы дауды медиация тәртібімен шешу мүмкіндігі туралы түсіндіріледі. Бұл тұрғыда оларға іс бойынша төленген мемлекеттік баж алымының қайтарылатыны да ескертіледі.

Бүкіл әлемдік тәжірибеде медиация ірі бизнестерден бастап, жан-жақты дау – жанжалдарда, т.б. даулы мәселелерде қолданылады. Біздің елде де тараптардың сотқа дейін немесе сот барысында дауды татуласу рәсімдері арқылы

бітіруіне барлық жағдай жасалған. Бұл үшін судьялар қажетті шараларды қабылдап, бағыт-бағдар береді.

Медиацияның басты принципі – еріктілік, сол себепті де судьялар медиация бойынша тек тараптарға, медиацияны қолдану мүмкіндігін ғана түсіндіреді. Ал, оған келісуі не келіспеуі олардың процессуалдық құқықтары. Егер сотқа дейін даулар медиация тәртібімен шешілетін болса, соттардың да жүктемелері елеулі түрде төмендер еді.

Дауды медиациямен бітіруде азаматтарға кәсіби және кәсіби емес медиаторлар, адвокаттар мен заң консультациясы мүшелері көмектеседі. Халық арасында медиация жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізсек, медиаторлар да өз тараптарынан өздерін жарнама-ласа, нотариусты таңдағандай халық медиаторды таңдаса қолайлы болар еді.

Бабаларымыз «Ел боламын десең достас, қор боламын десең қастас» дегенді бекер айтпаған. Әрбір қазақстандықтың азаматтық парызы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау десек, дау – жанжалдың ортақ мәміле, түсіністікпен шешілуі мемлекетіміздің құқықтық саясаты мен экономикасының дамуына да айрықша ықпал етеді. Сондықтан, заңмен берілген мүмкіндікті пайдалануда белсенділік танытудың пайдасы зор.

А.ДӘУРЕНБЕКОВ,
Созақ аудандық сотының төрағасы.

Сексеуілді алуға тиым салынады!

Барша адамзат баласы, жалпы тіршілік иелеріөздерін қоршаған табиғи ортаға қарыздар. Қарап тұрсаңыз айналамыздағы тау-тас, орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне жағдайлар жасасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің табиғат алдындағы адами міндетіміздің іске асырылғаны деп білемін. Сол себепті ормандарымыздан сексеуілдің барлық түрін алуға тиым салынады.

Өскен ТОҚТАРҰЛЫ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің
қорықшы күзетшісі.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуыңызға болады.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасы.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025-2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2025 жылдың қаңтар айының 30 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасы.

Қызылша ауруы және оның алдын алу жолдары

Қызылша—дене қызуының жоғарылауы, жөтел, мұрын бітуі, тамақтың ауыруы және бөртпемен сипатталатын вирустық табиғатты жіті жұқпалы ауру. Қызылшаның симптомдары: - алғашқы белгілері: жалпы әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, мұрын бітуі, тамақтың ауыруы, жарықтан қорқу, көздің қызуаруы, жас ағу (конъюнктивит), жөтел;- негізгі белгілері: бастан бастап, одан кейін дененің төменгі бөлігіне және аяққа дейін түсіп таралатын, бүкіл денеге бөртпе шығу; ауыз қуысындағы ақ (ұнтақ жарманың жиналуы сияқты) және қызыл дақтар.Қызылша пневмония (өкпенің қабынуы), бронхит, энцефалит (ми қабығының қабынуы) сияқты асқынулармен қауіпті, олар медициналық көмекке кеш жүгінгенде және ауыр қосымша әреулер болған жағдайда, өлімге әкелуі мүмкін. Қызылшаны емдеудің тиімді және ерекше әдісі жоқ.Қызылшадан жалғыз тиімді қорғау вакцинация болып табылады. Қазақстанда қызылшаға қарсы егу екі рет жүргізіледі: біріншісі 1 жаста және екіншісі 6 жаста. Қызылшаға қарсы вакцинациялау үшін қызамық және паротитті компоненттермен біріктірілген (ҚҚП) қауіпсіз және тиімді вакцина қолданылады. Халыққа арналған ұсыныстар:- ата-аналарға өз баласының қызылшаға қарсы егу мәртебесін тексеру, вакцинация болмаған жағдайда, қызылшаға қарсы профилактикалық егуді алу;- қызылшаға қарсы әртүрлі себептермен егілмеген балалардың ата-аналарына әртүрлі мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысу, сауда-ойын-сауық орталықтарындағы ойын алаңдарына баруды шектеу;- қатаралды құбылыстармен (дене қызуының жоғарылауы, бас ауруы, әлсіздік) аурудың алғашқы белгілері және бөртпе пайда болған кезде дәрігерге қаралу, қызылша ауруына тексеруден өту және оның барлық нұсқауларын орындау.Есіңізде болсын, ауруды емдеуден гөрі алдын алу әрқашан оңай!

Х.ОСПАНОВ
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

Хабарландыру

«Казатомпром-SaUran» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 95-бабына сәйкес, «Түркістан облысы Созақ ауданы, «Шығыс Мыңқұдық» кен орнында №13-3, 35-3, 201-8, 201-9 блоктарын салу» жұмыс жобасына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 03.03.2025ж. сағат 12.00-де Түркістан облысы, Қыземшек кенті, Қыземшек ауылы, Ықшам ауданы 1 Ықшам аудан, 5А үй адресі бойынша өтеді. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін+7(777) 8908808 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Бастамашы: «Казатомпром-SaUran» ЖШС, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент а/о, Таукент ауылы, «1 ыкшамаудан» шағын ауданы, 133 үй, 108 пәтер.

Әзірлеуші: “KAZ Design&DevelopmentGroup LTD» ЖШС, Алматы қ., Навои к-сі, 74, 131 кеңсе, тел.: +7(777) 8908808.

Белгіленген қызмет бойынша хабарландыру және құжаттар <https://ecoportal.kz/> сайтында орналастырылған.

ЖАО, жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты - “Түркістан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағынауданы, 32 көше, 20 ғимарат. Электрондық мекенжай: aidarerkebai@yandex.kz

Жұртшылық қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттарға қатысты өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде [Ecoportal.kz](https://ecoportal.kz) сайтына жолдай алады.

Объявление

ТОО «Казатомпром-SaUran», в соответствии со ст. 95 Экологического кодекса РК,проводит общественные слушания по разделу «Отчет о возможных воздействиях» к рабочему проекту «Строительство блоков № 13-3, 35-3, 201-8, 201-9 рудника «Восточный Мынкудук», Сузакского района, Туркестанской области».

Слушания состоятся 03.03.2025г. в 12.00 ч. по адресу: Туркестанская область, аппарат акима поселка Кыземшек Созакского района, поселок Кыземшек,мкр.1 Ыкшамаудан, д.5А. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельностиобращаться по телефону +7(777) 8908808.

Инициатор: ТОО «Казатомпром-SaUran», Туркестанская область, Сузакский район, с/о Таукент, село Таукент микрорайон «1 ыкшамаудан», дом 133, квартира 108.

Разработчик:ТОО «KAZ Design & Development Group LTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел.: +7(777) 8908808.

Объявление и документы по намечаемой деятельности размещены на сайте по ссылке: <https://ecoportal.kz/> и сайте УПР ТО.

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Туркестанской области»,г.Туркестан, микрорайон ЖаңаҚала, улица 32, здание 20.Электронный адрес: aidarerkebai@yandex.kz.

Общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу [Ecoportal.kz](https://ecoportal.kz).

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп Кодексінің талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Егер, біздің мекеме қызметкерлері арасында заң бұзушылық, қызмет этикасы бұзылған жағдайда Созақ аудандық аумақтық инспекцияның 4-13-05 және Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының 6-38-77-сенім телефондарына хабарласуға болады.

ҚР АШМ АӨК МИК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы..

Қазақстан республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

№	Аты-жөні, тегі	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Дауренбекова Римма Жегібайқызы	Инспекция басшысы	Әр аптаның сейсенбі күндері	15:00-18:00

БЖЗҚ. Зейнетақы жинақтарының 2025 жылға арналған ең төменгі жеткіліктілік шегі сол деңгейде қалады

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес «БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) жыл сайын, келесі қаржы жылына арналған ҚР «Республикалық бюджет туралы» Заңы ресми жарияланғаннан кейін, бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ, өзінің интернет-ресурсында алдағы жылға есептелген зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін (ТЖШ) орналастыруға міндетті.

Осы талапты орындай отырып, БЖЗҚ 2025 жылға арналған ТЖШ жариялап, ТЖШ өлшемдері 2024 жылғы деңгейде өзгеріссіз қалғанын хабарлайды. Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылы да ТЖШ мөлшері көтерілмеген болатын.

ТЖШ - бұл ай сайынғы зейнетақының ең төменгі зейне-

тақы мөлшерінен төмен емес көлемде қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының (міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған) ең төменгі мөлшері. Бұл әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге, сондай-ақ, болашақ зейнетақы жарналарының (ең төменгі мөлшерінен) болжамды есептеулеріне және инвестициялық кірістілікке сүйене отырып анықталатын зейнетақы жинақтарының бағалау сомасы. Басқаша айтқанда, ең төменгі жеткіліктілік шегі - бұл салымшының зейнет жасына жеткенде ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес зейнетақы төлемдерін (ең төменгі базалық зейнетақы төлемі есебімен) алуы үшін шотта қалуы тиіс ең төменгі көрсеткіш.

ТЖШ есептеу Зейнетақы

жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесіне1 (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес жүргізіледі (ҚР Үкіметінің 30.06.2023ж. №521 қаулысымен (бұдан әрі – №521 қаулы) бекітілген).

Әдістемеге сәйкес, 2025 жылға арналған ТЖШ есептеу кезінде 2025 жылға арналған мына әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер пайдаланылды:

- 1) ең төменгі жалақы мөлшері - 85 000 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері - 32 360 теңге;
- 3) зейнетақының ең төменгі мөлшері - 62 771 теңге;
- 4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкіріс деңгейінің шамасы - 46 228 теңге.

«Созақ үні»-ақпарат.

Оқу мен тәрбие –егіз ғұым, оларды бір-бірінен бөле жарып қарауға болмайды. Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім– адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне зиян әкеледі». Шыныда әлемде қаншама білімді, ақылды, гений адамдар бар болғанымен, білімін теріс мақсатта қолданып жүргенде жетерлік.

Тәрбиемен берілген білім– өлшеуі жоқ қазына. Парасатты, ізгі тәрбие және тәрбиенің кемелдігі неден басталмақ? Бұл ең әуелі баланың өз ата-анасын сыйлауы, иманды болып өсуі, жанашыр, ад-ал, еңбекқор, кішіпейілділік секілді ізгі қасиеттерді бойға сіңіруі.

Құран Кәрімде: «Уа, иман келтір-

микалық, жыныстық, патриоттық тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиенің қалыптасуы–ұстаз, бала, ата-ана еңбегімен байланысты екендігі айқын. Демек, бұлар береке-бірлікпен жұмыс істеп, бұзылмайтын, айнымайтын темір тәртіпке бас игенде ғана іс оң нәтиже таппақ.

Тәрбие мәселесін тек мектеп пен ұстаздар қауымының мойнына арта салумен іс бітпейді. Оның нәтижелі болуы ата-аналар мен қоғамдық ортаның тәрбие ісінен шет қалмай белсене араласуына, адам тәрбиелеудегі жауапкершілікті бірлесе көтеріп, жұмыла істеуге тікелей байланысты. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заң жобасында «Ата-аналар балалардың өмірі мен оқуы

Білімнің кілті-тәрбие

гендер! Өздеріңді және отбасыларыңды отыны адамдар мен тастар болған оттан (тозақтан) құтқарыңдар» деген (Тахрим, 6). Осы аяттағы құтқарудың мағынасын Әли ибн Әбу Тәліп (р.а.): «Оларға ғылым-білім үйретіп, әдепке баулыңдар», – деп түсіндірген.

Алланың Елшісі (с.а.с.): «Әкенің баланың алдындағы міндеті: жазу-сызуды, жүзуді және садақ атуды үйрету әрі жақсы етіп тәрбиелеу», –деген. Балаларды сүйіспеншілікпен тәрбиелеп, махаббат нұрын жаудыру әр ата-ананың міндеті.

Тәрбиенің тағы бір шарты өскелең ұрпақты жастайынан аста-төк молшылыққа, үлде мен бүлдеге, жайлы, мамыражай тұрмысқа үйретпеу керек. Қарапайым тіршілікке, қанағатшылдыққа, еңбекке баулу керек. Өйткені шектен тыс рақат ортада өсу ұрпақтың әлжуаз, аурушаң немесе керенау-көрең болып шығуына апарып соқтырады. Бұл туралы дана Абай:

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын!
Ата-ананың есейген балаларын ерте жастан еңбек етуге үйретіп, өзінің құрдасындай көріп, кейбір мәселелерде ақылдасып, кеңесіп отырғаны жөн. Сол кезде ғана бала өз бетімен тірлік жасауға үйреніп, алда кездесетін қиындықтардан оңай жол таба алады. Халық нақылында «Алтыға дейін бала деп көр, алтыдан кейін құлыңдай көр, он алтыда досыңдай көр» деп айтуы сондықтан болу керек.

Ақын Көтеш Райымбекұлы: «Ана тілін алмаған арам ұлды Аузы түкті кәпірден кем де-меңіз...»

Ана тілін сыйлаған адал ұлды, Хат оқыған ғалымнан кем де-меңіз... деген екен.

Әрбір бала–тұлға, өзінше бір әлем, ал әр ұстаздың міндеті сол тұлғалықты көре білу, жүректеріне жол табу. Бүгінгі күнде барлық ұстаздардың алдындағы мақсат–жастардың өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Халықтың болашағы–ұрпағы, ұрпақтың тәрбиесі–ұстаздың қолында. Ал толыққанды азамат қалыптасу үшін–ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, тілдік қатынас, дене тәрбиесі, сонымен қатар экологиялық, эконо-

мдік үшін олардың денсаулықтарын, рухани әрі дене қуатының қауіпсіз дамуын, адамгершілігі жағынан дұрыс қамтамасыз етуге міндетті» делінген.

«Жаста берген тәрбие–жас шыбықты игендей», деп Ыбырай Алтынсарыұлы айтқандай, халқымыздың сан ғасырлық тарихынан өзек тартатын рухани мұрасын ұрпақ бойына сіңіргенде ғана еліміздің жұлдызы жанып, әлемдік мәдениетке ұмтылары айқын.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында өскелең ұрпақтың тәрбиесін күшейтуді, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтар аясында келешек ұрпақтың санасын әділдікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа баулуды тапсырған болатын. Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет Жаңа Қазақстанның жастары айрықша түсінуге тиіс маңызды бағыт.

Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы, ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – білім беру мекемелері, ата-ананың ғана емес, қоғамның, яғни барша-мыздың парызымыз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие–ел болашағының діңгегі десек те болады.

«Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»,–дейді алаш қайраткері Мұстафа Шоқай. Сондықтан баланы ұлттық құндылықтарға баулу-дың маңызы зор.

А.СЕЙДУЭЛІ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Цифрлық құқық және жеке деректерді қорғау

Қазіргі уақытта интернет және цифрлық технологиялар біздің өміріміздің маңызды бөлігіне айналды. Біз онлайн байланыс орнатамыз, сатып аламыз, қызметтер пайдаланамыз, әлеуметтік желілерде бөлісеміз – бәрі де цифрлық әлемде өтеді. Бірақ осының бәрі жеке деректеріміздің қауіпсіздігіне әсер етеді. Осыған орай, жеке ақпаратты яғни жеке деректерді қорғау мәселесі өте маңызды болып отыр.

Цифрлық құқықтың негізгі мәселелерінің бірі – жеке деректерді қорғау болып табылады. Әр адамның жеке ақпараты, мысалы, аты-жөні, мекен-жайы, телефон нөмірі немесе басқа да мәліметтер қорғауды талап етеді. Егер осы деректер дұрыс сақталмаса, ол жеке тұлғалар үшін түрлі қауіптерге әкелуі мүмкін.

Цифрлық технологиялардың дамуы жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіптерді де тудырды. Әсіресе, жеке тұлғалар мен ұйымдардың деректерін қорғауға бағытталған құқық бұзушылықтар жиілеуде. Цифрлық құқық бұзушылықтардың кең таралған түрлері, соның ішінде банктік алаяқтық әрекеттер жиі кездеседі.

Көптеген ұйымдар пайдаланушылардың рұқсатынсыз олардың жеке мәліметтерін жинап, коммерциялық немесе басқа да мақсаттарда пайдаланады. Мысалы: Жеке телефон нөмірлерін немесе электронды пошта мекенжайларын жинау арқылы адамдарға жарнамалық хабарламалар жіберу. Соның салдарынан жеке өмірге қол сұғу, адамдардың жеке деректерін бақылау мүмкіндігінен айрылуы.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ақпараттық технологиялардың көмегімен қылмыстардың өсуі арта бастады. Осы саладағы қылмыстардың 50%-ға жуығы банк карталарының пин-кодтарын бұзудан келеді. Халықты өздерінің банктік карталарының деректемелерін жарияламауға шақырғанына қарамастан, алаяқтар банктік карталар мен пин-кодтардың деректемелері бар жүйелерді бұзудың жаңа тәсілдерін ойлап табуда. Алаяқтықтан қорғау жүйелері әрдайым бұзудың жаңа әдістеріне бейімделе бермейді, сондықтан қылмыстар әлі де орын алуда. Ол үшін шабуылдаушылар жалған веб-сайттарға кіруге болатын жаппай электрондық поштаны пайдаланады. Фишингтің бір түрі белгілі интернет-дүкендердің, әлеуметтік желілердің ұқсас көшірмелерін жасау, онда әр түрлі сылтаулармен олар өз шоттарын кіру үшін басқа пайдаланушылардың әлеуметтік желілерінен банктік карта деректемелері мен парольдерін алады.

Алаяқ логин мен парольге қол жеткізе отырып, ақша аударымын жүзеге асырады және осылайша ұрлық жасайды. Сондай-ақ, бұл ұсынысты алаяқтардың вебсайтынан қымбат тауарды үлкен жеңілдікпен сатып алу арқылы несиеден құтылуға болады. Қазіргі уақытта фишинг өте кең таралған, сондықтан ақпараттық бюллетеньдерге жауап бермеу және тексерілмеген сайттарға құпия деректерді енгізбеу маңызды. Интернетте кез-келген адам осындай қылмыстардың құрбаны бола алады. Жеке деректеріңізді мұқият бақылаудан басқа, фишингтен қорғаудың әмбебап әдісі жоқ. Өзіңізді алаяқтықтың осы

түрінен қорғаудың қарапайым тәсілдері – бейтаныс жіберушілерден келген сілтемелерге өтпеу. Сондай-ақ, компьютерге қауіпті сілтемелер мен тіркемелерді бұғаттай алатын антивирустық бағдарламаны орнатқан дұрыс. Сонымен қатар, интернет желісінде тіпті ең жақын адамдармен хат алмасуда жеке деректерді жарияламаған дұрыс, өйткені әлеуметтік желілерді бұзудан ешкім 100% қорғалмайды. Сондай-ақ, барлық әлеуметтік желілер мен пошта жәшіктеріне жеке деректерді қауіпсіз қорғауға мүмкіндік беретін екі факторлы аутентификация қою ұсынылады.

Қорытындылай келе, фишингті жою мүмкін емес деген қорытынды жасауға болады, өйткені алаяқтардың құлықтары жаңа формаларға ие болады. Жеке деректерді және жеке ақпаратты қорғау тәсілдері осы саладағы қылмыстардың өсуін басып озудың маңызды тәсілі. Маңыздысы интернет арқылы сатып алу мен қаржылық операциялар жасау кезінде орықшан сақ болыңыз. Күмәнді ұсыныстар мен арзан бағалардан бас тартыңыз, бейтаныс адамдарға қолма-қол ақшаны алу үшін ақша аудармаңыз. Күмәнді артық пайда алу және тауарларды жалған төмен бағамен сатып алудан бас тартыңыз. Сондай-ақ, қазіргі уақытта мұндай алаяқтық әрекеттерді жазалау үшін Құзыретті заңнама жоқ. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі жаңа деңгейге көтеріледі, өйткені ақпарат пен жеке деректерді қорғау өте маңызды. Сондықтан интернет қолданушылары өздерінің жеке деректерін жоғалтпау үшін негізгі білімге ие болуы керек.

Цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы жеке деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бұрынғыдан да маңызды ете түсті. Мобильді қосымшалар, әлеуметтік желілер, электронды үкімет сияқты қызметтер арқылы адамдар өздерінің жеке мәліметтерін жиі бөліседі. Егер бұл деректер дұрыс қорғалмаса, оларды ұрлау немесе заңсыз пайдалану мүмкіндігі жоғары болады.

Жеке деректерді қорғау саласындағы сауаттылықтың маңызы, әсіресе жас ұрпақ үшін өте жоғары. Себебі олар цифрлық технологияларды көп пайдаланатындықтан, өздерінің жеке деректерін қалай қорғау керектігін түсінуі қажет. Бұл оларға интернетте қауіпсіз түрде жұмыс істеуге және жеке деректерін қорғауға мүмкіндік береді.

Жеке деректерді қорғау саласындағы сауаттылық бүгінгі күні тек жеке тұлғалар үшін ғана емес, тұтас қоғам үшін маңызды. Ол азаматтардың құқықтарын қорғауға, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қоғамдық сенімді арттыруға, бизнес үшін заңды талаптарды орындауға және технологиялық даму аясында деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондықтан әрбір адам жеке деректерді қорғау мәселесіне жауапкершілікпен қарап, өз құқықтарын қорғау үшін қажетті білімді меңгеруі тиіс.

Ұ.ПЕРДЕН,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Сенімгерлік басқарушы:		Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	
"Agro-sozak" ЖШС		Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады	
Меншік иесі-		Индекс 64450	
"Созақ үні" газеті редакциясы"		Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97	
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		тапсырыс № таралымы - 3200 дана	
Директор:		Кезекші редактор:	
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович		М.Қарғабай.	
Бас редактор:		А-ақысы төленген	
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы		Жазушы:	
Жауапты хатшы:		Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.	
Мақсат Қарғабай		Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.	
Редакция құрамы:		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылғымын, ақпарат агенттігін және желілік басылғымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.	
Аға тілшілер:		Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.	
Нұржанай МАЙУСОВА			
Данияр БЕКОВ			
Тілшілер:			
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ			
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ			
Дизайнер:			
Асхан БАҚТЫБАЕВ			
Теріші:			
Бағила АЯЗБАЕВА			
Фототілші:			
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ			